**"Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің құнын 2014 жылы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 шілдедегі № 185 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 02 қыркүйектегі N 225 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қыркүйекте N 3489 болып тіркелді

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 хаты).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 5-2) тармақшасына сәйкес, «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 573 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің құнын 2014 жылы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 шілдедегі № 185 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3404, 2014 жылғы 29 шілдедегі № 86 (17023) «Дидар», 2014 жылғы 28 шілдедегі № 85 (19532) «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулыға 1 қосымша реттік нөмірлері 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178 жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 172 | Ацетохлор, эмульсия концентраты (900 г/л ацетохлор) | литр | 30 | 666 |
| 173 | Вихрь, су ерітіндісі (глифосат, 360 г/л) | литр | 30 | 355 |
| 174 | Гепард, эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 100 г/л + фенклозарол-этил (антидот), 27г/л) | литр | 30 | 888 |
| 175 | Лазер 60, суландырғыш ұнтақ (метсульфурон-метил, 600 г/кг) | килограмм | 30 | 5550 |
| 176 | Пума Голд, эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 64 г/л + йодосульфурон-метил, 8 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 24 г/л) | литр | 30 | 1298 |
| 177 | Татрел, су ерітіндісі (300 г/л клопиралид) | литр | 30 | 1554 |
| 178 | Эфирам, эмульсия концентраты (аз буланатын эфирлер түріндегі 2,4-Д қышқылы , 500г/л) | литр | 30 | 444 |

» .

2. . Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Облыс әкімі* | *Б. Сапарбаев* |
| *«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі* | *А. Мамытбеков* |

2014 жылғы « 09 » қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК